Үй желісіндегі компьютерден немесе басқа сақтау құрылғысынан фото суреттерді теледидарда көріңіз немесе музыка мен бейнелерді ойнатыңыз.

Компьютер желісін шолу үшін алдымен желі қосылымын орнатып, Реттеу > Желі бөлімін оқыңыз.

Егер желі орнатылмаған болса, алдымен компьютер желісін шолып көріңіз, сонда Желіні орнату іске қосылады. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Browse PC Network (Компьютер желісін шолу)

Осы пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ түймесін басыңыз, одан кейін «Home» (Негізгі) мәзірден Browse PC network (Компьютер желісін шолу) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Компьютер мен маршрутизатор қосылған кезде теледидар компьютердің мультимедиа серверінің мазмұнын көрсетеді.

Компьютер мазмұнындағы тізім экранда ашылғанда ойнату қажет файлды таңдап, OK түймесін немесе ойнату ▶II түймесін басыңыз.

Өлең, фото суреттердің слайдшоуы немесе бейне ойнатыла бастайды.

...

Кідірту үшін ▸ıı түймесін қайтадан басыңыз.

Келесі файлға өту үшін ▸ немесе P + түймесін басыңыз.

Алдыңғы файлға өту үшін ◂ немесе P - түймесін басыңыз.

Музыка файлын тез алға жүргізу үшін ▸▸ түймесін басыңыз.

Play once (Бір рет ойнату), Repeat (Қайталау), Shuffle (Еркін ойнату), Rotate (Айналдыру) және тағы басқаларын таңдау үшін Options (Параметрлер) ⊟ түймесін басыңыз.

Бейнелерді көру

Guide (Нұсқаулық) мәзірінен бір бейнені таңдап, ойнату ▸ıı түймесін басыңыз. Бейнені кідірту үшін кідірту ▸ıı түймесін басыңыз.

Алға тез айналдырғанда баяу жүргізу үшін ▸▸ түймесін бір рет, жылдам жүргізу үшін екі рет басыңыз. Қалыпты жылдамдыққа қою үшін қайтадан басыңыз.

Full screen (Толық экран), Small screen (Кіші экран), Play once (Бір рет ойнату), т.б. опциясына өзгерту үшін Options (Параметрлер) ⊟ түймесін басыңыз.

Компьютер желісінен шығу үшін ⌂ түймесін басып, басқа бір әрекетті таңдаңыз.

# 3.7 Scenea



Scenea көмегімен, фотосуретті экранның «түсқағазы» ретінде орнатуыңызға болады. Таптамаңыздағы кез келген фотосуретті пайдалануыңызға болады.




түймесін басып, Негізгі мәзірін ашыңыз, Scenea параметрін таңдап, OK түймесін басыңыз. Түсқағаз суреті көрсетіледі және дыбыс жоқ.

Scenea мүмкіндігінен шығу үшін, қашықтан басқару пультінің кез келген түймесін басыңыз.

...

# 3.7 Scenea



Scenea мүмкіндігін қоспастан бұрын, теледидарға қуатты дұрыс тұтынудың стандартты параметрлерін орнатуды ұсынамыз.

Options (Параметрлер) түймесін басып, Picture and sound > Smart settings > Standard (Сурет және дыбыс > Смарт параметрлері > Стандартты) параметрін таңдаңыз.

Жаңа фотосуретті таңдау

1 Теледидарға жаңа фотосуреттерді жеткізетін USB құрылғысын жалғаңыз. Фотосурет JPEG форматында болуы тиіс.

2 Шарлау түймелері арқылы фотосуреттерді USB мазмұнының тізімінен таңдаңыз. Егер мазмұн тізімі автоматты түрде пайда болмаса, түймесін басып, Browse USB (USB құрылғысын шолу) параметрін таңдаңыз.

3 Жаңа фотосуреттерді таңдап болып, Options (Параметрлер) түймесін басыңыз да, Set as Scenea (Scenea ретінде орнату) параметрін таңдаңыз. Ағымдағы фотосуретті қайта жазуды мақұлдаңыз.

4 USB құрылғысын ажыратып, жаңа фотосуретті көру үшін «Home» (Негізгі) мәзіріндегі Scenea параметрін таңдаңыз.

...

Шектеулер

Scenea қосылып тұрғанда, 4 сағаттан кейін теледидар күту режимін автоматты түрде іске қосады. Күту режиміне ауыспас бұрын, 1 минуттай хабарламаны көрсетіп тұрады.Күту режиміне ауысу Scenea қосылып тұрғанын ұмытып қалғанда қуаттың бекер жұмсалуын болдырмайды.

Егер түнгі таймер орнатылған болса, теледидар орнатылған уақыт болғаннан кейін, күту режиміне ауысады.

## 3.8.1 Есту қабілеті нашар адамдар

Кейбір сандық телеарналар есту қабілеті нашар адамдарға бейімделген арнайы дыбыс пен субтитрлерді таратады.

Есту қабілеті нашар адамдарға арналған дыбыс пен субтитрлерді қосу үшін 🏠 > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Languages (Тілдер) > Hearing impaired (Есту қабілеті нашар адамдар) опциясын таңдаңыз. On (Қосулы) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Бар болған жағдайда теледидар есту қабілеті нашар адамдарға дыбыс пен субтитрлерді қосады.

Есту қабілеті нашар адамдарға арналған дыбыс тілінің бар-жоғын тексеру үшін Options (Параметрлер) ⊟ түймесін басып, Audio language (Дыбыс тілі) опциясын таңдаңыз, одан кейін құлақ белгішесі бар дыбыс тілін іздеңіз.

## 3.8.2 Көру қабілеті нашар адамдар

Кейбір сандық телеарналар көру қабілеті нашар адамдарға бейімделген арнайы дыбыс таратады. Қалыпты дыбыс қосымша түсініктемелермен аралас болып келеді.

Көру қабілеті нашар адамдарға дыбысты қосу үшін сандық телеарнаны көріп отырғанда, Options (Параметрлер) ☰ түймесін басып, Visually impaired (Көру қабілеті нашар адамдар) опциясын таңдаңыз. On (Қосулы) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Бар болған жағдайда теледидар көру қабілеті нашар адамдарға арнап дыбысты қосады.

«Options» (Параметрлер) мәзірінен көру қабілеті нашар адамдарға Speakers (Динамиктер), Headphones (Құлақаспап) опциясынан немесе Speakers (Динамиктер) және Headphones (Құлақаспап) опцияларының екеуінен де дыбысты естілетін етіп орнатуыңызға болады.

Сондай-ақ, «Options» (Параметрлер) мәзірінен қосымша түсініктемелердің дыбыс деңгейін өзгерту үшін Volume (Дыбыс деңгейі) - Visually impaired (Көру қабілеті нашар) опциясын таңдаңыз.

Көру қабілеті нашар адамдарға арналған дыбыс тілінің бар-жоғын тексеру үшін Options (Параметрлер) ☰ түймесін басып, Audio language (Дыбыс тілі) опциясын таңдаңыз, одан кейін көз белгішесі бар дыбыс тілін іздеңіз.

## 4.1.1 Smart settings (Смарт параметрлері)

Теледидарды қазір көріп отырған нәрсеге ең қолайлы алдын ала анықталған параметрге қоюға болады. Әрбір параметрде сурет, дыбыс пен Ambilight жарығы қамтылады.

Теледидарды көріп отырғанда Options (Параметрлер) ☰ түймесін басып, Picture and sound (Сурет және дыбыс) опциясын таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.

Smart settings (Смарт параметрлер) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Тізімнен бір параметрді таңдап, OK түймесін басыңыз.

• Personal (Жеке) — теледидардың параметрлерін Setup (Реттеу) мәзірінің Picture (Сурет), Sound (Дыбыс) және Ambilight мәзірлерінде белгіленген жеке қалауларыңызға қарай қояды.

• Vivid (Жанды) — толық әрі динамикалық параметрлер, күндіз пайдалануға қолайлы.

• Natural (Табиғи) — Табиғи сурет параметрі.

• Cinema (Кинотеатр) — фильмдер көруге ең қолайлы параметрлер.

• Game (Ойын) — ойын ойнауға қолайлы параметрлер.

• Standard (Стандартты) — Зауыт стандарты мен қуатты ұқыпты пайдалану параметрлері.

## 4.1.2 Сурет

Picture (Сурет) мәзірінен барлық сурет параметрлерін жекелеп дұрыстауыңызға болады.

Бұл пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Picture (Сурет) түймесін басыңыз.

Параметрді таңдау және реттеу үшін ◂ немесе ▸, ▴ немесе ▾ түймесін басыңыз.

Параметрді іске қосу үшін OK түймесін басыңыз.

• Параметрлер бойынша көмекші

Негізгі сурет параметрлері бойынша оңай нұсқаулар беру үшін Параметрлер бойынша көмекші мүмкіндігін қосыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

• Contrast (Контраст)

Суреттің жарықтық деңгейін өзгертеді, бірақ күңгірттік деңгейі өзгеріссіз қалады.

• Brightness (Жарықтық)

Тұтас суреттің ашықтық деңгейін өзгертеді.

• Colour (Түсі)

Түс қанықтығының деңгейін өзгертеді.

...

• Hue (Реңк)

Егер NTSC сигналы таратылса, бұл деңгей түс өзгерісін білдірмейді.

• Sharpness (Айқындық)

Анық көрінетін бөліктердің айқындық деңгейін өзгертеді.

• Noise reduction (Кедергіні азайту)

Суреттегі кедергіні сүзгіден өткізіп, азайтады. Деңгейлерін Minimum(Ең аз), Medium (Орташа), Maximum (Ең көп) немесе Off (Өшірулі) мәндеріне қойыңыз.

• Tint (Түс реңкі)

Түстерді Normal (Қалыпты), Warm (Жылы) (қызылдау) немесе Cool (Салқын) (көктеу) мәніне қояды. Пайдаланушы мәзірінде өзіңіздің жеке параметрлеріңізді жасау үшін Custom (Өзгертпелі) тармағын таңдаңыз.

• Custom tint (Өзгертпелі реңк)

Суреттің түс температурасын өзгерту үшін сырғытпа жолақты пайдаланыңыз ...

- R-WP қызыл ақ нүкте

- G-WP жасыл ақ нүкте

- B-WP көк ақ нүкте

- R-BL қызыл қара деңгей

- G-BL жасыл қара деңгей

...

• Perfect Pixel HD

Perfect Pixel HD механизмінің кеңейтілген параметрлерін реттейді.

- HD Natural Motion

Дірілдерді кетіріп, әсіресе фильмде қозғалысты біркелкі қалыпқа түсіреді.

- 200 Гц Clear LCD (32" және 37" - 100 Гц Clear LCD)

Жылтылдамайтын, тыныш кескінге керемет айқындық, жақсы қара түс деңгейін, жоғары контраст беріп, үлкен көру бұрышымен қамтамасыз етеді.

- Advanced sharpness (Кеңейтілген айқындық)

Әсіресе, суреттің сызықтары мен контурларына керемет айқындық береді.

- Dynamic contrast (Динамикалық контраст)

Теледидар суреттің күңгірт, орташа және ашық жерлеріндегі нүктелерді күшейтетін деңгейге қояды.

- Dynamic backlight (Динамикалық жарықтандырғыш)

Экранның жарықтық қарқынын күңгірттендіру арқылы қуаттың тұтынылуын азайтуға болатын деңгейге қояды. Ең қолайлы қуат тұтынатын немесе жарықтық қарқыны ең жоғары сурет параметрін таңдаңыз

...

- MPEG artefact reduction (MPEG ақаулығын болдырмау)

Суреттегі сандық қозғалыстарды біркелкі етеді.

- Colour enhancement (Түстерін күшейту)

Түстерін айқын етіп, ашық түстердегі нүктелердің ажыратымдылығын жақсартады

• PC mode (Компьютер режимі)

Компьютер жалғанған жағдайда теледидарға қолайлы алдын ала анықталған компьютер параметрін орнатады.

• Жарық сенсоры

Picture (Сурет) және Ambilight параметрлерін бөлменің жарықтануына қарай автоматты түрде реттейді. Жарық сенсорын қосады немесе өшіреді.

• Сурет форматы / автоформат режимі

Теледидарды пайдалану > Теледидар көру > Сурет форматын реттеу бөлімін оқыңыз

• Суретті қозғалту

Экранда суретті курсор түймелерінің көмегімен тігінен қоюға мүмкіндік береді.

# 4.1.3 Дыбыс



Sound (Дыбыс мәзірінен) барлық дыбыс параметрлерін жекелеп дұрыстауыңызға болады.

Пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Sound (Дыбыс) түймесін басыңыз.

Параметрді таңдау және реттеу үшін ◄ немесе ►, ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз.

Параметрді іске қосу үшін OK түймесін басыңыз.

• Bass

Дыбыстың төменгі үндерін өзгертеді. Параметрді өзгерту үшін әр жолақты таңдаңыз.

• Treble (Жиілігі жоғары дыбыс)

Дыбыстың жоғарғы үндерін өзгертеді. Параметрді өзгерту үшін әр сырғытпа жолақты пайдаланыңыз.

• Volume (Дыбыс деңгейі)

Дыбыс деңгейін өзгертеді.

Егер дыбыс деңгейі жолағы шықпасын десеңіз, ⌂ >Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Preferences (Параметрлер) > Volume bar (Дыбыс деңгейі жолағы) түймесін басыңыз. Off (Ажыратулы) тармағын таңдап, OK түймесін басыңыз.

...

• Volume — visually impaired (Дыбыс деңгейі — көру қабілеті нашар адамдар)

Көру қабілеті нашар адамдарға арналған таңдалған аудио тілінің мөлшерін өзгертеді. (Тек Ұлыбритания үшін)

• Audio language (Дыбыс тілі)

Сандық телеарналардың таратылатын дыбыс тілдерінің тізімін көрсетеді.

Қажетті дыбыс тілін 🏠 > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Languages (Тілдер) > Primary audio (Негізгі дыбыс) опциясынан орнатуыңызға болады.

• Қос I-II

Егер хабар таратушыны пайдалануға болса, онда екі тілдің біреуін таңдауға болады.

• Моно/стерео

Егер стереохабар тарату бар болса, әрбір телеарнаға Mono (Моно) немесе Stereo (Стерео) опциясын таңдауыңызға болады.

• Теледидар үндеткіштері

Егер теледидарға жалғанған дыбыс жүйесі бар болса, теледидардың динамиктерін өшіруіңізге болады.

Егер дыбыс жүйесінде EasyLink функциясы болса, Қосылымдар > EasyLink бөлімін оқыңыз.

Теледидардың дыбысын автоматты түрде дыбыс жүйесінен шығару үшін Automatic (EasyLink) (Автоматты) опциясын таңдаңыз.

...

# 4.1.3 Дыбыс



• Көлемді

Теледидарды таратуға байланысты жақсы көлемді дыбыс режиміне автоматты түрде қосады. On (Қосулы) немесе Off (Ажыратулы) тармағын таңдаңыз.

• Headphones volume (Құлақаспаптың дыбыс деңгейі)

Құлақаспаптың дыбыс деңгейін өзгертеді.

Теледидардың динамиктерін түймесінің көмегімен өшіруге болады.

• Delta volume (Дельта дыбыс деңгейі)

Арналардың немесе жалғанған құрылғылардың арасындағы

дыбыс деңгейі айырмашылықтарын теңестіреді. Алдымен, дыбыс деңгейінің айырмашылығы теңестірілетін арнаға немесе құрылғыға ауысыңыз.

• Balance (Баланс)

Тыңдайтын орныңызға жақсы сәйкес келу үшін сол жақ және оң жақ дауыс зорайтқыштардың балансын қояды.

• Дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеу

Жарнамалар басталғанда немесе бір арнадан екіншісіне ауысырғанда кенеттен шығатын дыбыс деңгейінің айырмашылығын азайтады. On (Қосулы) немесе Off (Ажыратулы) тармағын таңдаңыз.

## 4.1.4 Ambilight

Ambilight мәзірінен барлық Ambilight параметрлерін жекелеп дұрыстауыңызға болады.

Пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Ambilight түймесін басыңыз.

Параметрді таңдау және реттеу үшін ◄ немесе ►, ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз.

Параметрді іске қосу үшін OK түймесін басыңыз.

Ambilight туралы қосымша ақпаратты Теледидарды пайдалану > Ambilight режимін пайдалану бөлімінен оқыңыз.

## 4.1.5 Factory settings (Зауыттық параметрлер)

Бастапқы зауыттық параметрлердің мәндерін қайтаруға болады.

Тек сурет, дыбыс және Ambilight параметрлері қалпына келеді.

Пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Factory reset (Зауыттық мәндерді қалпына келтіру) опциясын таңдап, одан кейін OK түймесін басыңыз.

# 4.2.1 Reorder and rename (Ретін және атын өзгерту)



Алғаш орнатқаннан кейін орнатылған арналардың ретін немесе атын өзгерту қажет болуы мүмкін. Арналар кестесіндегі телеарналарды өз қалауыңызша реттеңіз немесе оларға оңай танылатын ат беріңіз.

Теледидар көріп отырғанда, арналар кестесін ашу үшін OK түймесін басыңыз. Арналар кестесінде теледидарға орнатылған теледидар арналары мен радиостанциялар көрсетіледі.

Ретін немесе атын өзгерту үшін Options (Параметрлер) ▤ түймесін басып, қажетті опцияны таңдаңыз.

Reorder (Ретін өзгерту)

Кестедегі арналардың орындарын өзгертуге болады.

1 Арналардың ретін өзгерту үшін параметрін Options (Параметрлер) ▤ мәзіріндегі Reorder (Ретін өзгерту) тармағын таңдаңыз.

2 Арнаны ерекшелеп, OK түймесін басыңыз.

...

3 Арнаны қажетті орынға жылжу түймелерінің көмегімен орналастырыңыз.

4 Орнын растау үшін OK түймесін басыңыз.

Басқа бір арнаны ерекшелеп, тура солай жасауға болады

Рет өзгерісін тоқтату үшін Options (Параметрлер) ⊟ түймесін басып, Exit reorder (Ретін өзгертуден шығу) тармағын таңдаңыз.

Rename (Атын өзгерту)

Арнаның атын өзгертуге болады.

1 Арналар кестесінде атын өзгерткіңіз келген арнаға өтіңіз.

2 Options (Параметрлер) ⊟ мәзірінен Rename (Атын өзгерту) тармағын таңдаңыз.

3 Ерекшелеу белгісін орналастыру үшін жылжу түймелерін пайдаланыңыз. Таңбаны жою үшін Артқа ⮌ түймесін басыңыз. Қашықтан басқару пультінің сандар түймелерін SMS/мәтін хабарын жібергенде таңбаларды таңдағандай пайдаланыңыз. Ерекше таңбаны таңдау үшін 0 саны түймесін басыңыз. Бүкіл мәтінді жою үшін Тазарту түймесін таңдаңыз.

4 Атын өзгертуді аяқтау үшін Done (Дайын) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

# 4.2.2 Update channels (Арналарды жаңарту)



Теледидар бірінші рет қосылғанда арналар толық орнатылады.

Теледидарды сандық арналарды автоматты түрде қосатын немесе шығаратын етуіңізге болады. Сондай-ақ, арналарды жаңартуды қолмен бастауыңызға болады.

Automatic update (Автоматты жаңарту)

Теледидар сандық телеарналарды автоматты түрде жаңартуы үшін теледидарды күту режиміне шығарыңыз. Күніне бір рет, таңғы сағат 6-да, теледидар бұрын табылған арналарды жаңартып, жаңа арналарды сақтайды. Арналар кестесінен бос арналар шығарып тасталады.

Егер арна жаңартылса, теледидар қосылғанда хабарлама шығады.

Егер хабарлама шықпасын десеңіз, > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Channel installation (Арналарды орнату) > Channel update message (Арналарды жаңарту туралы хабарлама) бөліміндегі Жоқ опциясын таңдаңыз.

...

## 4.2.2 Update channels (Арналарды жаңарту)

Manual update (Қолмен жаңарту)

Арналарды өз бетіңізбен кез келген уақытта жаңарту үшін ⌂ > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Channel installation (Арналарды орнату) > Automatic installation (Автоматты орнату) > Update channels (Арналарды жаңарту) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Орнатуды бастап, Update Channels (Арналарды жаңарту) опциясын таңдаңыз

Жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін.

## 4.2.3 Reinstall channels (Арналарды қайта орнату)

Теледидар бірінші рет қосылғанда арналар толық орнатылады.

Тіліңізді, еліңізді орнату және барлық қолдануға болатын телеарналарды орнату үшін бұл толық орнату опциясын қайталай беруіңізге болады.

Full installation (Толық орнату)

Телеарналарды қайта орнату үшін > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Channel installation (Арналарды орнату) > Automatic installation (Автоматты орнату) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Орнатуды бастап, Reinstall channels (Арналарды қайта орнату) опциясын таңдаңыз.

Жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін.

Табылған арналардың ретін немесе аттарын өзгерту үшін Реттеу > Арналар > Ретін және атын өзгерту бөлімін оқыңыз.

# 4.2.4 Сандық сигнал қабылдау сапасы



Егер сіз сандық телетаратылымдарды (DVB) өз антеннаңыздан (DVB-T) қабылдасаңыз немесе сандық кабельдік арналарды (DVB-C) қабылдауға теледидар тюнерін пайдалансаңыз, арнаның сапасы мен сигнал күшін тексеруіңізге болады.

Егер қабылдау нашар болса, қабылдауды жақсарту үшін антенна басқа жерге қоюыңызға болады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы антенна орнатушыға хабарласыңыз.

Мұндай сандық арнаның қабылдау сапасын тексеру үшін арнаны таңдап, > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) >Channel installation (Арна орнату) Reception test (Қабылдауды тексеру) > Search (Іздеу) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Бірінші арнаға сандық жиілік көрсетіледі.

Егер қабылдау нашар болса, антенна басқа жерге қоюыңызға болады. Осы жиіліктің сигнал сапасын тексеру үшін Search (Іздеу) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

...

# 4.2.4 Сандық сигнал қабылдау сапасы 

Өз бетіңізбен белгілі бір сандық жиілікті енгізуіңізге болады.

Жиілікті таңдап, көрсеткілерді ▸ және ◂ түймелерімен бір санға қойып, санды ▴ және ▾ түймелерімен өзгертіңіз. Жиілікті тексеру үшін Search (Іздеу) опциясын таңдаңыз.

Егер арнаны DVB-C хабарымен таңдасаңыз, Symbol rate (Таңбалар қатары) режимі және Symbol rate (Таңбалар қатары) опциялары шығады.

Кабельдік қызмет ұсынушы белгілі бір таңбалар қатары мәнін бермеген болса, Symbol rate mode (Таңбалар қатары режимі) үшін Automatic (Автоматты) мәнін таңдаңыз. Бұл берілген мәнді Symbol rate (Таңбалар қатары) ішінде санды түймелермен енгізуіңізге болады.

# 4.2.5 Аналогты арналарды қолмен орнату



Аналогты телеарналарды бір-бірлеп қолмен орнатуға болады.

Аналогты арналарды қолмен орнатуды бастау үшін 🏠 > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) >Channel installation (Арна орнату) > Manual install (Қолмен орнату) - аналогты опциясын таңдаңыз.

Осы мәзірдегі әр қадамды орындаңыз.

Аналогты телеарналардың барлығы шыққанша осы қадамдарды қайталай беруіңізге болады.

1 System (Жүйе) — Егер өз антеннаңыз болса, телеарна хабарлары келетін елді немесе әлемнің нүктесін таңдауыңыз қажет. Егер телеарналарды кабельдік жүйе арқылы қабылдасаңыз, сізге тек елді немесе әлемнің нүктесін бір рет таңдау қажет.

2 Find channel (Арнаны табу) — Аналогты телеарнаны іздеу. Іздеу автоматты түрде басталады, бірақ жиілікті қолмен енгізуіңізге болады. Егер арнаның қабылдануы нашар болса, оны қайтадан іздеу үшін Search next (Келесіні іздеу) опциясын таңдаңыз. Осы телеарнаны сақтағыңыз келсе, Done (Дайын) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

...

# 4.2.5 Аналогты арналарды қолмен орнату



3 Fine tune (Дәлдеп орнату) — Табылған арнаны ▲ және ▼ түймелерімен дәлдеп орнатыңыз. Арна дәлдеп орнатылғаннан кейін Done (Дайын) опциясын таңдаңыз.

4 Store (Сақтау) - Табылған арнаны Store current channel (Ағымдағы арнаны сақтау) опциясымен ағымдағы арна нөміріне немесе Store as new channel (Жаңа арна етіп сақтау) опциясымен жаңа арна нөмірі етіп сақтауға болады.

## 4.2.6 Аналогты арналарды дәлдеп орнату

Аналогты арнасының қабылдануы нашар болғанда, телеарнаны дәлдеп орнатып көруіңізге болады.

Аналогты арналарды дәлдеп орнатуды бастау үшін > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Channel installation (Арналарды орнату) > Manual install (Қолмен орнату) - analogue (аналогты) > Fine tune (Дәлдеп орнату) опциясын таңдаңыз.

Табылған арнаны ▲ және ▼ түймелерімен дәлдеп орнатыңыз. Арна дәлдеп орнатылғаннан кейін Done (Дайын) опциясын таңдаңыз.

Табылған арнаны Store current channel (Ағымдағы арнаны сақтау) оциясымен ағымдағы арна нөміріне немесе Store as new channel (Жаңа арна етіп сақтау) опциясымен жаңа арна нөмірі етіп сақтауға болады.

# 4.2.7 DVB-T немесе DVB-C

Егер DVB-T және DVB-C хабарларын қабылдау еліңізде бар болып, бұл теледидар еліңіздегі DVB-T және DVB-C хабарларына дайын болса, сізге телеарналарды орнатпастан бұрын DVB-T немесе DVB-C опциясын таңдау керек.

DVB-T немесе DVB-C хабарларын қабылдау режимін таңдау үшін > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Channel installation (Арналарды орнату) > Antenna/Cable DVB (Антенна/Кабельдік DVB) опциясын таңдаңыз.

DVB-T арналарын орнату үшін Antenna (Антенна) опциясын таңдаңыз.

DVB-C арналарын орнату үшін Cable (Кабель) опциясын таңдаңыз.

DVB-C арналарын орнату

Барлық DVB-C TV параметрлері автоматты мәнге қойылады, бірақ DVB-C желісіне DVB-C қызмет ұсынушысы беретін кейбір параметрлер қажет болуы мүмкін. Бұл параметрлерді немесе мәндерді теледидар сұрағанда енгізіңіз.

Теледидарды DVB-T және DVB-C сигналдары үшін орнатуыңызға болады. Мұндай жағдайда, екі арна орнатуын орындауыңыз қажет. Алдымен, таңдалған антеннамен орнатып, артынан таңдалған кабельмен орнатыңыз. Содан кейін, Арналар кестесінде DVB-T және DVB-C телеарналарының екеуі де көрсетіледі.

# 4.2.8 Сағат параметрлері

Кейбір елдерде, сандық телехабар таратушылар әлемдік уақыт туралы ақпарат жібермейді. Сондықтан, қысқы және жазғы уақыт өзгерістері еленбеуі мүмкін. Оны сағат параметрлерінің көмегімен түзетуге болады.

Егер теледидар уақытты дұрыс көрсетпесе, 🏠 > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Clock (Сағат) > Auto clock mode (Автосағат режимі) опциясын басып, Manual (Қолмен) опциясын таңдаңыз.

Daylight saving (Жаздық) мәзірінен жергілікті уақытқа байланысты Standard time (Қысқы уақыт) (қысқы) немесе Daylight saving time (Жаздық уақыт) (жазғы) опциясын таңдаңыз.

## 4.3.1 Желінің артықшылықтары

Компьютер желісі

Теледидарды компьютер желісіне жалғап, компьютердегі немесе сол желідегі сақтау құрылғысындағы фотосуреттерді көрсетіп, музыка мен фильмдерді ойнатуыңызға болады.

Желі орнатылғаннан кейін, компьютер мазмұнын көру үшін Негізгі мәзірден Browse PC network (Компьютер желісін шолу) опциясын таңдаңыз.

Net TV

Егер теледидар интернетке қосылған компьютерге жалғанса, теледидарды Желілік ТД қызметімен байланыстыруыңызға болады. Желілік ТД Бастапқы беті теледидардың экранына сәйкес келетін фильмдер, суреттер, музыка, ойын-сауық ақпараттық бағдарламалар, ойындар және көптеген басқа нәрселер ұсынады.

Желі орнатылғаннан кейін, Net TV бастапқы бетін ашу үшін Негізгі мәзірден Browse Net TV (Желілік ТД шолу) опциясын таңдаңыз немесе қашықтан басқару пультіндегі Net TV (Желілік ТД) түймесін басыңыз.

# 4.3.2 Қажетті құралдар

Теледидарды компьютер желісі мен интернетке қосу үшін компьютер желісіне маршрутизатор қажет. Маршрутизатордың DHCP күйі қосулы болуы қажет.

Желілік ТД қызметін көру үшін теледидарды интернетке байланыс жылдамдығы жоғары маршрутизаторға жалғау керек.

Теледидарды маршрутизаторға не сыммен, не сымсыз жалғауға болады.

Егер маршрутизаторға сыммен жалғауды таңдасаңыз, сізге желілік (Ethernet) кабель керек.

...



# 4.3.2 Қажетті құралдар 

Компьютер желісі мүмкіндігі DLNA жүйесі бойынша куәландырылған.

Компьютеріңізде Microsoft Windows XP немесеVista, Intel Mac OSX немесе Linux операциялық жүйәлерін пайдалануға болады.

Теледидардағы компьютер мазмұнын бөлісу үшін компьютеріңізге соңғы медиа сервер бағдарламасы орнатылған болу керек.

Windows Media Player 11 немесе оған ұқсас.

Кейбір медиа сервердің бағдарламасын файлдарды теледидармен бөлісетін етіп орнату керек.

Қолданылатын медиа сервердің бағдарламасының тізімін Техникалық деректер > Мультимедиа бөлімінен қараңыз.

# 4.3.3 Сымсыз орнату



Экрандағы нұсқаулар сымсыз желіні орнатуға көмектеседі.

Желіні орнатуды бастардан бұрын маршрутизаторды қосыңыз. Егер сымсыз желі қорғалған болса, экранға енгізу үшін шифрлау кілтін дайындап қойыңыз.

Теледидарға сымсыз желіні орнатуды бастау үшін пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Network (Желі) > Network installation (Желіні орнату) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

...

Аты мен қауіпсіздігі

Теледидар желілік маршрутизаторды іздейді. Табылған маршрутизаторлар экрандағы тізімнен көрсетіледі. Егер бірнеше маршрутизатор табылса, тізімнен маршрутизаторды таңдап, OK түймесін басыңыз.

Егер маршрутизатордың аты белгісіз болса немесе маршрутизатордың атын танымасаңыз, компьютердегі маршрутизатор бағдарламалық құралынан SSID (Қызмет жиындары коды) кодын қараңыз.

Маршрутизаторды таңдағаннан кейін, оған қосылу үшін теледидар шифрлау кодын -қауіпсіздік коды- сұрайды.

...

# 4.3.3 Сымсыз орнату

Маршрутизатор WPA қауіпсіздігімен жұмыс жасаса, құпия сөз тіркесін қашықтан басқару пультіндегі түймелер арқылы енгізіңіз. WEP қауіпсіздігі болған жағдайда, теледидар WEP шифрлау кодын оналтылық санау жүйесінде сұрайды. Оны компьютердегі маршрутизатордың бағдарламасынан табуға болады. WEP кодтары тізіміндегі ең бірінші кодты қашықтан басқару пультіндегі пернетақта арқылы теледидарға енгізіңіз.

Егер қауіпсіздік кілті қабылданса, теледидар сымсыз маршрутизаторға қосылады.

Сымсыз желі келесі жолы қосылғанда, қауіпсіздік кілтін енгізу қажет болмайды. Теледидар орнату кезінде сіз енгізген қауіпсіздік кілтін пайдаланады.

Сұралған жағдайда Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімімен келісіңіз.

## 4.3.4 Сыммен орнату

Экрандағы процедура сымды желіні орнатуға көмектеседі.

Маршрутизаторды теледидарға желілік кабельмен жалғап, желіні орнатудан бұрын маршрутизаторды қосыңыз.

Теледидарға сым желісін орнатуды бастау үшін пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Network (Желі) > Network installation (Желіні орнату) опциясын және OK түймесін басыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Теледидар үнемі желі қосылымын іздейді.

Сұралған жағдайда Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімімен келісіңіз.

Кейінгі «Түпкі пайдаланушының лицензиялық келісімін» www.philips.com сайтынан тауып алыңыз.

# 4.3.5 Желі параметрлері

Маршрутизаторға қосылу үшін пайдаланылатын теледидардың желі параметрлері стандартты болып табылады және автоматты мәнге қойылады. Бұл кез келген қолданыстағы желіге оңай қосылуға мүмкіндік береді.

Егер желілік қосылымда ақаулар болса, параметрлерді өз желіңізге сай келетін етіп реттеу керек болуы мүмкін.

Егер сенімсіз болсаңыз, желі параметрлеріне қатысты білімі бар адамнан көмектесуін сұраңыз.

Арнайы желі параметрлерін орнату үшін 🏠 > Setup (Реттеу) > Installation (Орнату) > Network (Желі) > Network mode (Желі режимі) және/немесе ... > IP configuration (IP конфигурациясы) опциясын таңдаңыз.

# 4.3.6 Мультимедиа серверінің параметрлері

Мультимедиа серверлері файлдар мен қалталарын ортақ пайдалануға теңшелуі тиіс. Белгілі бір серверді теңшеу үшін нұсқауларды мұқият орындаңыз.

## Windows Vista жүйесіндегі Windows Media ойнатқышының 11-нұсқасы

### Indstilling til netværksdeling

Windows Media ойнатқышында мәзірден **Library** (Кітапхана) параметрін таңдап, **Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) түймесін басыңыз.




**Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) терезесінде **Share my media** (Мультимедиамды ортақ пайдалану) параметрі жанына құсбелгі қойып, **OK** түймесін басыңыз.




Егер екі желілік қосылу табылып, бұл параметр жанына құсбелгі қою мүмкін болмаса, **Network and Sharing Center** (Желі және ортақ пайдалану орталығы) терезесін ашу үшін **Networking** (Желі) түймесін басыңыз, ...



**Network discovery** (Желіні табу) мүмкіндігін **On** (Қосулы) күйіне қойыңыз. **File sharing** (Файлды ортақ пайдалану) мүмкіндігін **On** (Қосулы) күйіне қойыңыз. **Windows Media** ойнатқышының **Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) терезесіне оралып, **Share my media** (Мультимедиамды ортақ пайдалану) параметрі жанына құсбелгіні қойыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Теледидар маршрутизатор арқылы дербес компьютерге қосулы кезінде барлық мүмкіндіктер On (Қосулы) күйінде болады және **Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) терезесінде теледидар **Unkown Device** (Белгісіз құрылғы) ретінде көрінеді. Құрылғыны таңдап, **Allow** (Рұқсат беру) түймесін басыңыз.




Ортақ пайдалану кезінде белгілі бір параметрлерді өзгерту үшін **Settings** (Параметрлер) терезесін пайдалануыңызға болады. Når ikonet for enheden (TV'et) er markeret med et grønt hak, skal du klikke på **OK**.

## Қалталарды ортақ пайдалануға теңшеу

**Windows Media** ойнатқышында мәзірден **Library** (Кітапхана) параметрін таңдап, **Add to Library** (Кітапханаға қосу) түймесін басыңыз.



**Add to Library** (Кітапханаға қосу) терезесінде **My folders and those of others that I can access** (Қалталарым және мен қатынай алатын басқа қалталар) параметрін таңдап, **Advanced Options** (Қосымша параметрлер) түймесін басыңыз. ...




**Advanced Options** (Қосымша параметрлер) тізімі ашық кезде ортақ пайдалану үшін тізімге белгілі бір қалталарды қосуыңызға болады. **Add** (Қосу) түймесін басыңыз.




**Add Folder** (Қалта қосу) терезесінде басқа құрылғылармен (Теледидарыңыз) ортақ пайдаланғыңыз келетін музыка, суреттер немесе бейнелер бар қалтаны таңдаңыз. **OK** түймесін басыңыз.




**Add To Library** (Кітапханаға қосу) терезесінде жаңадан қосылған қалта көрінеді. Ортақ пайдалану үшін тағы да қалталар қосуыңызға болады. Кітапханаға файлдарды қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.






Теледидар параметрлері музыка тыңдауға, суреттер мен бейнелер көруге теңшелді.

## Windows XP жүйесіндегі Windows Media ойнатқышының 11-нұсқасы

### <u>Желіде ортақ пайдалануға теңшеу</u>

Windows Media ойнатқышында мәзірден **Library** (Кітапхана) параметрін таңдап, **Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) түймесін басыңыз.



**Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) терезесінде **Share my media** (Мультимедиамды ортақ пайдалану) параметрі жанына құсбелгі қойыңыз.

Теледидар жол жоспарлағыш арқылы дербес компьютерге қосулы кезде барлық мүмкіндіктер On (Қосулы) күйінде болып, **Media sharing** (Мультимедианы ортақ пайдалану) терезесінде теледидар **Unkown Device** (Белгісіз құрылғы) ретінде көрінеді. Құрылғыны таңдап, **Allow** (Рұқсат беру) түймесін басыңыз.




Ортақ пайдалану кезінде белгілі бір параметрлерді өзгерту үшін **Settings** (Параметрлер) терезесін пайдалануыңызға болады.
Құрылғы белгішесіне (Теледидар) жасыл белгі қойылғанда, **OK** түймесін басыңыз.

## Қалталарды ортақ пайдалануға теңшеу

Windows Media ойнатқышында мәзірден **Library** (Кітапхана) параметрін таңдап, **Add to Library** (Кітапханаға қосу) түймесін басыңыз.



**Add to Library** (Кітапханаға қосу) терезесінде **My folders and those of others that I can access** (Қалталарым және мен қатынай алатын басқа қалталар) параметрін таңдап, **Advanced Options** (Қосымша параметрлер) түймесін басыңыз.




**Advanced Options** (Қосымша параметрлер) тізімі ашық кезде ортақ пайдалану үшін тізімге белгілі бір қалталарды қосуыңызға болады. **Add** (Қосу) түймесін басыңыз.




**Add Folder** (Қалта қосу) терезесінде басқа құрылғылармен (теледидар) ортақ пайдаланғыңыз келетін музыкасы, суреттері немесе бейнелері бар қалтаны таңдаңыз. **OK** түймесін басыңыз.



**Add To Library** (Кітапханаға қосу) терезесінде жаңадан қосылған қалта көрінеді. Ортақ пайдалану үшін тағы да қалталар қосуыңызға болады. Кітапханаға файлдарды қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.







Теледидар параметрлері енді музыка, суреттер мен бейнелерді көруге теңшелді.

## Windows XP жүйесіндегі TVersity v.0.9.10.3

### <u>Желіде ортақ пайдалануға теңшеу</u>

**Settings** (Параметрлер) қойындысын нұқып, **Start Sharing** (Ортақ пайдалануды бастау) түймесін басыңыз).




Мультимедиа сервері қызметінің іске қосылғаны туралы ақпарат қалқымалы терезеде беріледі. **OK** түймесін басыңыз



**Sharing** (Ортақ пайдалану) қойындысын нұқыңыз.




## Қалталарды ортақ пайдалануға теңшеу

Жасыл қосу белгішесін нұқып, **Add folder** (Қалта қосу) параметрін таңдаңыз...




**Add media** (Мультимедиа қосу) қалқымалы терезесінде **Browse** (Шолу) түймесін басыңыз.




**Browse for Folder** (Қалтаны шолу) терезесінде ортақ пайдаланғыңыз келетін музыка, суреттер немесе бейнелер бар қалтаны таңдаңыз.
**OK** түймесін басыңыз.

Теледидар параметрлері енді музыка, суреттер мен бейнелерді көруге теңшелді.

## Macintosh OS X жүйесіндегі Twonky Media v4.4.2

### Желіде ортақ пайдалануға теңшеу

**Twonky Media** терезесінде **Basic Setup** (Негізгі параметрлер) > **First steps** (Алғашқы қадамдар) параметрін таңдаңыз.
Теледидарыңызда пайда болатын сервер атауын осы терезеде өзгертуге болады.



**Basic Setup** (Негізгі параметрлер) > **Clients/Security** (Тұтынушылар/Қауіпсіздік) параметрін таңдаңыз. **Enable sharing for new clients automatically** (Жаңа тұтынушылар үшін ортақ пайдалану мүмкіндігін автоматты түрде қосу) параметрі жанына құсбелгі қойыңыз.

### Қалталарды ортақ пайдалануға теңшеу

**Basic Setup** (Негізгі параметрлер) > **Sharing** (Ортақ пайдалану) параметрін таңдаңыз. Кейбір **'Content Locations'** (Мазмұн орналасулары) параметрлері теңшеліп қойылуы мүмкін. Желіде ортақ пайдаланылатын қалтаны (мазмұн орналасуы) қосу үшін **Browse** (Шолу) түймесін басыңыз.



Басқа құрылғылармен (теледидар) ортақ пайдаланғыңыз келген музыкасы, суреттері немесе бейнелері бар қалтаны шолу үшін көгілдір жақтаудың ішіндегі қатты дискінің атын басыңыз.



Ортақ пайдаланылатын қалтаны таңдау үшін
Таңдау түймесін басыңыз.
Өзгертулерді сақтау түймесін басыңыз.

Мазмұн каталогын қайта тексеру түймесін басыңыз.
Кейбір жағдайда бұл файлдар мен қалталарды пайдалану мүмкіндігін бермейді.

Барлығының дұрыс жұмыс істеуіне сенімді болу үшін **Support** (Қолдау) > **Troubleshooting** (Ақауларды түзету) және **Rebuild database** (Деректі қалпына келтіру) түймесін басыңыз.

Теледидар параметрлері музыка тыңдауға, суреттер мен бейнелер көруге теңшелді.

## 4.4.1 Пиксел + байланыс

Кейбір басқа құралдар, DVD немесе Blu-ray диск і ойнатқыштарының бейнелерді өңдеудің өзіндік қасиеті болуы мүмкін. Теледидармен қатар суретті өңдеу нәтижесінде оның жаман сапада көрсетілуінің алдын алу үшін бұл құралдардың өңдеу жұмысы өшірілуі керек. Мұны Pixel Plus сілтемесі арқылы жүзеге асыруға болады.

Пайдаланушы нұсқаулығын жауып, ⌂ түймесін басыңыз, сосын Реттеу > Орнату > Таңдауларым > Pixel Plus сілтемесін таңдаңыз. Жалғанған құрылғылардың суретті өңдеу қасиетін өшіру үшін Қосу түймесін басыңыз.

## 4.4.2 Дыбысты үйлестіру

Үй іші Театр Жүйесі жалғанған жағдайда теледидардағы бейне мен Үй іші Театр Жүйесінің дыбысы сәйкестендірілуі керек. Сәйкессіздік сөйлеп тұрған адамдар көрінісінен айқын байқалады. Олардың еріндері сөйлем біткенде әлі де қозғалып тұрса, Үй іші Театр Жүйесіндегі дыбысты үйлесетіндей етіп реттеу керек.

Үй іші Театр Жүйесінің пайдалану нұсқаулығын оқыңыз.

Үй іші Театр Жүйесінен бұл сәйкестікті реттей алмасаңыз немесе барынша нақты реттеу мүмкін болмаса, теледидардың HD Natural Motion сурет өңдеу қызметін өшіруді шешім ретінде қарастыруыңызға болады.

Пайдаланушы нұсқаулығын жауып, 🏠 > Реттеу > Сурет > Perfect Pixel HD > HD Natural Motionтүймесін басыңыз

## 4.5.1 Интернеттен жаңарту

Кейбір жағдайларда теледидардың бағдарламалық құралдарын жаңарту қажет болуы мүмкін. Егер теледидар интернетке қосылған маршрутизаторға жалғанған болса, теледидардың бағдарламалық құралдарын тікелей интернеттен жаңартуыңызға болады. Сізге жылдамдығы жоғары интернет қосылымы қажет.

Осы пайдаланушы нұсқаулығын жауып, 🏠 > Setup (Реттеу) > Software update (Бағдарламалық құралды жаңарту) > Update now (Қазір жаңарту) опциясы мен OK түймесін басыңыз.

Internet (Интернет) опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жаңарту аяқталғаннан кейін теледидар автоматты түрде өшіп қосылады. Теледидардың қайта қосылуын күтіңіз, теледидардағы қуат қосқышын ⏻ пайдаланбаңыз.

Егер теледидар интернетке қосылған болса, теледидар қосылған кезде жаңа бағдарламалық құралдар бар екендігі туралы хабарлама көрсетіледі.

## 4.5.2 USB жад құрылғысы арқылы



Кейбір жағдайларда теледидардың бағдарламалық құралдарын жаңарту қажет болуы мүмкін. Теледидардан бағдарламалық құралдарды жаңартуды бастаңыз. Содан кейін, интернеттен компьютерге теледидардың бағдарламалық құралдарын жүктеп алыңыз. Бағдарламалық құралдарды компьютерден теледидарға жүктеу үшін USB жады құрылғысын пайдаланыңыз.

Дайындық

Сізге интернетке қосылу жылдамдығы жоғары компьютер қажет. Сізге 256 МБ бос орны бар USB жад құрылғысы керек және оның жазудан қорғалуы ажыратылғанына көз жеткізуіңіз керек. Кейбір USB жады құрылғылары теледидармен жұмыс істемеуі мүмкін.

...

# 4.5.2 USB жад құрылғысы арқылы



1 Анықтау

Осы пайдаланушы нұсқаулығын жауып, 🏠 > Setup (Реттеу) > Software update (Бағдарламалық құралды жаңарту) > Update now (Қазір жаңарту) опциясы мен OK түймесін басыңыз.

USB опциясын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Теледидар USB құрылғысын теледидардың жанындағы USB коннекторына салуыңызды сұрайды.

2 Компьютерден USB құрылғысына жүктеу

Теледидарды анықтау файлы USB құрылғысына жазылғаннан кейін, USB құрылғысын интернетке қосылған компьютерге салыңыз. USB құрылғысынан 'update.htm' файлын тауып алып, екі рет басыңыз. Кодын жіберу параметрін таңдаңыз. Егер жаңа бағдарламалық құралдар бар болса, ол USB құрылғысына жүктеп алады.

...

# 4.5.2 USB жад құрылғысы арқылы

3 USB құрылғысынан теледидарға жүктеу

USB жады құрылғысын теледидарға қайта салыңыз. Жаңа бағдарламалық құралдарды жаңартуды бастау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Теледидар 10 секундқа өшіп, кейін қайта қосылады. Күте тұрыңыз.

Мына әрекеттерге тыйым салынады ...

• қашықтан басқару пультін пайдалану

• USB құрылғысын теледидардан бағдарламалық құралды жаңарту кезінде шығарып алу

Егер жаңарту кезінде электр жарығы өшіп қалса, USB жады құрылғысын теледидардан шығармаңыз. Электр жарығы қайта жанғанда, теледидар жаңартуды жалғастырады.

Жаңарту аяқталғанда, экранға Әрекет сәтті аяқталды деген хабар шығады. USB құрылғысын шығарып алып, қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін басыңыз.

Мына әрекеттерге тыйым салынады ...

• ⏻түймесін екі рет басу

• теледидардағы ⏻ қосқышын пайдалану

Теледидар өшіп (10 секунд), қайтадан қосылады. Күте тұрыңыз.

Енді жаңа теледидар бағдарламалық құралдарын орнату аяқталады.

Теледидарды қайтадан пайдалануыңызға болады.

## 5.1.1 Электр сымы

Электр сымының теледидарға мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз. Розеткаға барлық уақытта қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Электр сымын ажыратқанда, сымнан емес, ашасынан тартып суырыңыз.

Бұл теледидар күту режимінде электр қуатын өте аз пайдаланғанымен, теледидарды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат үнемдеу үшін электр сымын ажыратып қойыңыз.



## 5.1.2 Антенна кабелі

Теледидардың арт жағынан антенна қосылымын тауып алыңыз. Антенна кабелін Antenna ⊤⊤ ұясына мықтап жалғаңыз.



## 5.2.1 Кабель сапасы

Теледидарға құрылғылар жалғамастан бұрын, құрылғыдағы қай коннекторларды қолдануға болатынын тексеріңіз. Құрылғыны теледидарға мүмкіндігінше ең жоғары сапалы қосылым арқылы жалғаңыз. Жақсы сапалы кабельдер сурет пен дыбыс сигналдарының жақсы берілуін қамтамасыз етеді.

Осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген қосылымдар ең көп қолдану жағдайларына ұсынылады. Басқа шешімдер де болуы мүмкін.

Арнайы кабель түрлері және қолдануға болатын қосылымдар туралы қосымша ақпаратты Кабельдер туралы > HDMI … т.б. бөлімінен оқыңыз.

Құрылғыларды қосу

Теледидарға бір құрылғы жалғанған кезде, ол құрылғыны Басты мәзірге бір тармақ етіп қосыңыз. Басты мәзірдегі осы тармақ арқылы теледидарды осы құрылғыға оңай ауыстырып қосуыңызға болады.

Жаңа құрылғы қосу үшін ⌂ > Add your device (Құрылғы қосу) опциясын таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

# 5.2.2 HDMI



HDMI кабелімен жалғау сурет пен дыбыс сапасын жақсартады.

Бір HDMI кабелі бейне және дыбыс сигналдарын біріктіреді.

Айқындығы жоғары теледидар сигналдары үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.

HDMI кабелі сурет пен дыбыс сигналдарын тек бір бағытта, Scart кабеліне қарсы береді.

5 м-ден ұзын HDMI кабелін пайдаланбаңыз.

...



# 5.2.2 HDMI



HDMI қосылымы HDCP (өткізу қабілеті жоғары сандық мазмұндарды қорғау) технологиясын қолдайды. HDCP - айқындығы жоғары мазмұнмен бірге (DVD дискісі немесе Blu-ray дискісі) болатын көшіруден қорғау сигналы.

DVI - HDMI

Құрылғыңызда тек DVI қосылымы болса, DVI-HDMI адаптерін пайдаланыңыз. HDMI коннекторларының бірін пайдаланып, Audio L/R кабелін теледидардың артындағы дыбысқа арналған DVI ▸ HDMI, Audio In L/R ұяларына қосыңыз.

EasyLink

Жалғанған құрылғыларда HDMI CEC стандарты болған кезде, HDMI және EasyLink стандарты олардың жеңіл жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қосылымдар > EasyLink HDMI-CEC бөлімін оқыңыз.

## 5.2.3 YPbPr — Component video

Дыбыс үшін Component video YPbPr ұясы мен «Аудио сол жақ» және «Оң жақ» ұясына жалғауды пайдаланыңыз.

Жалғаған кезде YPbPr коннекторының түстерін кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз. YPbPr кабелі айқындығы жоғары (HD) телесигналдарды өткізе алады.



## 5.2.4 Scart

Scart кабелі бейне және дыбыс сигналдарын біріктіреді. Scart коннекторлары RGB бейне сигналдарын өткізе алады, бірақ айқындығы жоғары (HD) телесигналдарды өткізе алмайды.



## 5.2.5 S-Video

S-Video кабелін «Аудио сол жақ» және «Оң жақ» (тартпа) кабелімен бірге пайдаланыңыз.

Жалғаған кезде, Аудио коннекторының түстерін кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз.



## 5.2.6 Бейне

Бейне (тартпа) кабелін «Аудио сол жақ» және «Оң жақ» (тартпа) кабелімен бірге пайдаланыңыз.

Жалғаған кезде, Аудио коннекторының түстерін кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз.



# 5.2.7 VGA

Компьютерді теледидарға жалғау үшін VGA кабелін (DE15 коннекторы) пайдаланыңыз. Бұл қосылым арқылы теледидарды компьютер мониторы ретінде пайдалануыңызға болады. Дыбыс үшін «Аудио сол жақ» және «Оң жақ» кабелін пайдалануыңызға болады.

Қосылымдар > Басқа құрылғылар > Теледидар компьютер мониторы ретінде бөлімін оқыңыз.



## 5.3.1 DVD ойнатқышы

DVD ойнатқышын теледидардың артындағы HDMI коннекторына жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.



## 5.3.2 DVD үй кинотеатры жүйесі



Алдымен құрылғыны теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.2 DVD үй кинотеатры жүйесі

Соңынан, құрылғыны теледидарға жалғау үшін сандық аудио кабельді немесе, оның орнына, аналогты Audio Out L/R кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.2 DVD үй кинотеатры жүйесі 

Audio Out L/R

Егер үй кинотеатры жүйесінен ешқандай сандық сигнал шықпаса, теледидардың артындағы аналогты Audio Out L/R ұясына жалғау үлгісін пайдалануыңызға болады.

Аудио және бейне синхрондау (синх)

Егер дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес келмесе, дыбыс пен бейнені сәйкестендіру үшін көптеген DVD үй кинотеатры жүйелерінде уақыт кідірісін орнатуға болады.

DVD ойнатқышынан немесе басқа құрылғыдан шығатын дыбыс сигналын тікелей үй кинотеатры жүйесіне жалғамаңыз. Әрдайым дыбысты алдымен теледидардан өткізіңіз.

# 5.3.3 DVD рекордері

Алдымен антеннаны DVD рекордері мен теледидарға жалғау үшін 2 антенна кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.3 DVD рекордері



Соңынан, DVD рекордерін теледидардың артындағы Scart коннекторына жалғау үшін Scart кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.4 Сандық қабылдағыш немесе жерсерік қабылдағышы



Алдымен антеннаны қабылдағыш пен теледидарға жалғау үшін 2 антенна кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.4 Сандық қабылдағыш немесе жерсерік қабылдағышы 2/2

Соңынан, ресиверді теледидардың арт жағына жалғау үшін Scart кабелін пайдаланыңыз.



Алдымен, сандық қабылдағыш мен DVD рекордерін теледидарға жалғау үшін 3 антенна кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.5 Сандық қабылдағыш және DVD рекордері

Одан кейін сандық қабылдағышты теледидарға жалғау үшін Scart кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.5 Сандық қабылдағыш және DVD рекордері



Соңынан, 2 құрылғыны теледидарға жалғау үшін 2 Scart кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.6 Сандық қабылдағыш, DVD рекордері және үй кинотеатры жүйесі 



Алдымен 2 құрылғы мен ТД 3 антенна кабелімен жалғаңыз.



# 5.3.6 Сандық қабылдағыш, DVD рекордері және үй кинотеатры жүйесі 2/5

Одан кейін сандық қабылдағышты теледидарға жалғау үшін Scart кабелін пайдаланыңыз.



# 5.3.6 Сандық қабылдағыш, DVD рекордері және үй кинотеатры жүйесі



